

#20-21

(995-996)

16 ТАМЫЗ

2024 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

ҚАЗАҚТЫҢ
БІР ДӘУЛЕТІ
УРАН ДЕГЕН




2-БЕТ

ШЕЛЕКТЕН БАЛЫҚ
АУЛАҒАН ҒЫЛЫМ



3-БЕТ

АБАЙ
ЖӘНЕ ТӘКЕН



8-11-БЕТ

Қазақстанда
30 ЖЫЛ



Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап "Шеврон" прогресті алға бастырған алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда "Шеврон" Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында



▼ BRENT \$81.05

▼ USD 479 T

▼ EUR 526 T

▼ RUB 5.34 T

БИЫЛҒЫ АЛТЫ АЙДА ЕЛІМІЗДЕ 11 МЫҢ ТОННАҒА ЖУЫҚ УРАН ӨНДІРІЛДІ. МИНЕРАЛДЫҚ ШИКІЗАТТЫҢ 8 МЫҢДАЙ ТОННАСЫ ШЕТКЕ САТУҒА ЖӨНЕЛТІЛДІ. ЫҢҚАЙДАҒЫ (ИНКАЙ) БАРЛАУ-ІЗДЕСТІРУ НӘТИЖЕСІНДЕ КЕНІШТІ ҚОРИ 83 МЫҢ ТОННАҒА ӨСТІ. БҰЛ ЖЕТІДЕ «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІБІ» ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ МЕЙІРЖАН ЮСУПОВ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА ОСЫ САЛАДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС ПЕН БОЛАШАҚҚА АРНАЛҒАН ЖОСПАР ЖАЙЫНДА БАЯНДАДЫ.

Президент аталған компания басшысын биылғы ақпан айында қабылдаған болатын. Осыдан-ақ мемлекеттің бүгінде стратегиялық секторға айналған уран өндірісіне айрықша мән беретінін көрсетеді.

Стратегиялық деуіміздің бірнеше себебі бар. Ең бастысы, шикізаттың бұл түріне сұраныс ешуақытта кеміген емес. Содан болар, оның бағасы да үнемі өсіп келеді. Соңғы төрт жылда оның әр фунты (0,454 кило) 24 еуродан 100-ге жетті. Рас, соңғы кезде біраз арзандап, 85 еуроға табан тіреп тұр. Былтыр 21 мың тонна өндіріліп, оның 13 мың тоннасы экспортқа жіберілгенін ескерсек, осының өзі, әрине, аз емес.

Екіншіден, атом электр стансасында (АЭС) пайдаланатын ядролық отын шикізаттың осы түрінен алынады. Бұдан үш жыл бұрын Үлбі металлургия зауытында жылу бөлетін құрамаларды өндіру басталды. Мамандарға жүгінсек, аталған құрамалар – инженерлік құрылым. Оған жылу бөлетін элемент (твэль) – уран таблеткаларымен толтырылған түтіктер орналастырылады. Твэлье арналған уран таблеткасы да осы Үлбідегі кәсіпорында жасалады. Осылайша, уран секторын әртараптандыру (диверсификация) Қазақстанның уран шикізатын өндіретін елден ядролық отын шығаратын әлемдегі санаулы мемлекеттердің қатарына қосылуына мүмкіндік берді.

ҚАЗАҚТЫҢ БІР ДӘУЛЕТІ УРАН ДЕГЕН



Климаттың өзгеруі электр қуатына сұраныстың күрт өсуіне әкеп соқты. Оның үстіне жаңғыртпалы энергия арқылы экологиялық тұрғыдан таза қуат көзіне қол жеткізу күткен нәтижені бере қойған жоқ. Аспан бұлттан арылмай, күннің көзі

көрінбеді. Кей жерде жел соқпай қалды. Өзеннің суы тартылып, электр стансасының жұмысы тоқтады. Мұндай қуаттың көзі балама ретінде ғана тиімді екен. Міне, осыдан кейін, әсіресе, кәрі құрлықтағылар (Еуропа) «керексіз» деп жауып тастаған АЭС-ін, тіпті көмір шахтасын қайта ашуға мәжбүр болып отыр. Көмірі жоқтар ядролық реактор салуға құштар.

АЭС салғысы келетіндердің екі мәселеде қолы қысқа: уран шикізаты мен ядролық отын. Ғаламда геосаяси ахуал ушығып, санкция соғысы өршіген қазіргі кезеңде АЭС салу ымырасыз текетіреске айналды. Қазақстанда мұның екеуі де жеткілікті. Әлемдік нарықтағы уранның 40 пайыздан астамы Қазақ даласында өндіріледі. Сол себепті, атом энергиясын пайдалану бізге тиімді. Референдум алдында өтіп жатқан қоғамдық тыңдаудағы тұрғындардың пікірі де осыған кеп саяды. Содан шығар, шетелден қаржы алатын ұйымдар мен блогерлердің әуені өзгере бастады. Олар бұрынғыдай үзілді-кесілді қарсы емес. Станса салушыны анықтайтын бәйгеде тек өздерін жарылқаушылардың аты озғанын қалайды. Тек соны ғана мақтап, ықтимал қарсыласын даттап, қоғамдық пікірді сол жаққа қарай бұру үшін жанталасып жатқан жайы бар.

АЭС жобасы алпауыт күштер арасындағы текетіреске кеп тірелетін мұндай бақай есепті емес, жан-жақты талдаудан өткен дұрыс таңдауды, прагматикалық көзқарасты талап етеді. Қауіпсіз хәм арзан қуат көзімен қамтамасыз ететін урандай байлығы бар Қазақ елінің көздегені де осы болса керек.



**СМАЙЛ
СМАЙЫЛ,**
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШОЛУШЫ

ТАҚЫРЫПТАҒЫ ТЕҢЕУ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТИ ӨКІЛІНЕ ТИЕСІЛІ. ҒЫЛЫМҒА ДА, ӨНДІРІСКЕ ДЕ ТҮК ПАЙДАСЫ ЖОҚ ДУБАРА ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ ОСЫЛАЙ АЯУСЫЗ ӘШКЕРЕЛЕГЕН. БҰЛ – КЕШЕ. БҮГІНДЕ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ «ИНЕМЕН ҚҰДЫҚ ҚАЗЫП», ТҮПСІЗ ТЕРЕҢ ШЫҢЫРАУДАН ІЛІМ МЕН БІЛІМНІҢ САФ АСЫЛЫНА ҚОЛ СОЗЫП ЖАТҚАНЫ ШАМАЛЫ. КЕРІСІНШЕ, КӨЗБОЯУШЫЛЫҚ БЕЛЕҢ АЛҒАН. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МЕКЕМЕСІНІҢ ТЕКСЕРУІ ҒЫЛЫМНЫҢ БЫЛЫҒЫН ШЫҒАРДЫ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі былтыр ғылымды қаржыландыру саласындағы жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізді. Талдау нәтижесінде ғылыми жобаларды іріктеудің ашықтығы, оларды іске асырудағы көзбояушылық, нәтиже үшін жауапкершіліктің жоқтығы, зерттеу қорытындыларына сұраныстың төмен болуы, сондай-ақ ғылыми тағылымдамалар үшін грант беру жөніндегі конкурстық комиссия құрамына қойылатын талаптардың төмендеуі сияқты елеулі тәуекелдерді анықталды.

Осының бәрі бюджет қаржысының тиімсіз жұмсалыуына алып келді.

Мысалы, жобаларды іріктеу бойынша конкурстық құжаттама нақты тұлғалар үшін қалыптастырылды. Жобаларды ғылыми сараптау рәсімі ашық емес, бағалауды «қол режимінде» іріктелетін үлестес сарапшылар жүзеге асырды. Тізімде тұрған 13,5 мың сарапшының 10 мыңға жуығы (75%) сараптама жүргізбеген. Манипуляция арқылы бағалау нәтижелері «қажетті» жобаларға бейімделді.

11,5 млрд теңгеге 30 зерттеудің сараптамасы белгілі бір тұлғалардың мүддесі үшін жүргізіліпті.

Бюджет қаражаты ғылыми жобаларды коммерцияландыру түрімен шығарылған.

2016 жылдан бастап мемлекет осы мақсаттарға шамамен 32 млрд теңге жұмсады, оның ішінде жобалардың 90 пайызы (145-тен 130-ы) мәлімделген мақсаттарға қол жеткізбеген.

Зерттеулердің 70 пайызы мақала мен кітап жазумен аяқталды.

ШЕЛЕКТЕН БАЛЫҚ АУЛАҒАН ҒЫЛЫМ



Көптеген әзірлемелердің практикалық тұрғыдан маңызы жоқ. Атап айтқанда, Ақпараттық және есептеу технологиялары институты биогаз және биотыңайтқыштар өндіретін жабдықтарды әзірлеуге 290 млн теңге жұмсады. Бұл ретте нарықта дайын аналогтар ондаған есе арзан, 19 млн теңгеден қымбат емес.

Сонымен қатар, ғылыми әзірлемелер түрінде жұмыс істеп тұрған бизнесті кеңейту

қаржыландырылды. Мәселен, 2019 жылы еліміздегі ірі құс фабрикаларының бірі қазақ деликатестерінің технологиялары мен рецептураларын әзірлеуге 300 млн теңгеге жуық қаражат алды. Алайда іс жүзінде барлық қаражат (92%) жабдық пен материал сатып алуға жұмсалған.

Агенттік тарапынан талдау нәтижелері бойынша ғылым және

жоғары білім министрлігіне 100-ден астам ұсыныс енгізілді. Уәкілетті орган оларды іске асыруға кірісті. Мысалы, агенттік ұсынысы бойынша сараптама комиссиясының жұмысын ұйымдастыру ережесінде оның мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптары күшейтілді. Енді жалпы еңбек өтілі 10 жыл, ал мамандығы бойынша өтілі кемінде 5 жыл болу қажет, бұрын 3 жыл болған.

«БАЙ ЖОРҒА, КЕДЕЙ МӘСТЕК МІНЕР»

Соңғы дерек бойынша елімізде **5,5 млн** автокөлік тіркелген

5,5 млн АВТОКӨЛІК

Оның тең жартысы тозған, яғни **2,5 млн** көліктің өндірістен шыққанына **20 жылдан асып кеткен**



ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІК
4,8 МЛН



ЖҮК КӨЛІГІ
540,8



АВТОБУС
114,1

100 АДАМҒА ШАҚҚАНДА 22,8 АТОМОБИЛЬДЕН КЕЛЕДІ (ӨТКЕН ЖЫЛЫ – 18,4)

ҚАЙ ӨҢІРДЕ КӨП? (100 АДАМҒА ШАҚҚАНДА)



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН – **39,1**




АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ – **33,8**



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ – **26,8**

АВТОКӨЛІК ЕҢ АЗ ТІРКЕЛГЕН ӨҢІРЛЕР – ҰЛЫТАУ, АБАЙ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТАРЫ

ШЫҒАРЫЛҒАН УАҚЫТЫ



20 ЖЫЛ БҰРЫН **2,5 МЛН**

3-7 ЖЫЛ БҰРЫН **670,2 МЫҢ**

10-20 ЖЫЛ БҰРЫН **1,3 МЛН**

3 ЖЫЛ БҰРЫН **335,2 МЫҢ**

7-10 ЖЫЛ БҰРЫН **666,5 МЫҢ**

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҰРЫС ҚИМЫЛДАРЫНДА ҮЛКЕНДІ-КІШІЛІ ДРОНДАРДЫҢ (ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАТЫН АППАРАТТАРДЫҢ) ҮСТЕМДІК ЖАСАП ТҰРҒАНЫ ДАУСЫЗ. ОҒАН ҚАРСЫ ЖАЯУ ӘСКЕР БЫЛАЙ ТҰРСЫН, БОЛАТ САУЫТТЫ, АУЫР ТЕХНИКАНЫҢ ӨЗІ ДӘРМЕНСІЗДІК ТАНЫТУДА. БҰЛ ЖАҒДАЙДЫ ӘСКЕРИ САРАПШЫЛАРМЕН ҚАТАР ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ ТА КӨРІП, МОЙЫНДАП ОТЫР. ДРОНДАРДЫ ҚОЛДАНУ БҮГІНДЕ ӘСКЕРИ ІС-ҚИМЫЛДАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТАРДЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТТІ, ОЛ БАРЛАУ, БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ШАБУЫЛ ҮШІН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ АШЫП БЕРДІ.

Дәл осы әлемдік факторды және Қазақстан Қарулы Күштерінің даму тенденцияларын ескере отырып, биылғы оқу-жаттығу жиындары барысында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әскери кафедрасын бітіруші студенттер үшін дрондарды басқару бойынша қосымша сабақтар ұйымдастырылды. Онда студенттерге дрондардың ұрыс даласында орындайтын негізгі



ҰРЫС ДАЛАСЫНДА ДРОН БАСҚАРУ – ҮЛКЕН ӨНЕР



міндеттері түсіндірілді. Мысалы, дронның негізгі қызметінің – бірі барлау мәліметтерін жинау. Көлемі шағын және жоғары маневрлік қабілетінің арқасында дрондар алыс қашықтыққа ұшып барып, сол жақтан нақты уақыт режимінде қажетті суреттер мен бейнелерді жібере алады. Бұл қарсыластың қозғалысын бақылауға, ұрыс алаңындағы жағдайды бағалауға және ұтымды тактикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Студенттер ұшқышсыз ұшатын

аппараттардың тек барлау жасап қана қоймай, сонымен қатар нысанаға дәл соққы беру, қарсыластың әскеріне психологиялық тұрғыдан әсер ету, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтау жөніндегі міндеттердің орындай алатынын көзбен көріп, түсінді.

Әрине, ең бастысы, дронды қолдану қауіпті тапсырмаларды орындайтын сарбаздар мен офицерлердің өмірін сақтайды. Әскери қызметкерлер барлау немесе соққы беру операцияларына тікелей қатысудың орнына дрондарды қауіпсіз қашықтықтан басқара алады, бұл өз кезегінде олардың опат болу немесе жарақат алу ықтималдығын азайтады.

Осылайша студенттер ұрыс даласында дрондарды басқарудың үлкен өнер екенін ұғынды. Олар далалық сабақтың қорытындысы бойынша теориялық біліммен қатар, заманауи ұрыс кезінде ұшқышсыз ұшу аппаратын нақты қолданудың бастапқы дағдыларымен жете танысты деп айта аламыз.

Тұрдалы ТҰРҒЫНБАЕВ,
ЕҰУ әскери кафедрасының арнайы
цикл бастығы, полковник

КІТАП ОҚУ – КЕМЕЛДІКТИҢ БАСТАУЫ. ОҚУҒА ҰМТЫЛЫС, РУХАНИ ҚАЗЫНАНЫҢ КЕМЕЛІНЕ ЖЕТУІ ӘР АЗАМАТТЫҢ ПАРАСАТЫН АЙҚЫНДАЙ ТҮСЕДІ. ӘРІ РУХАНИ БАЙЛЫҚПЕН ДОС БОЛУ МАМАНДЫҚ ТАҢДАП, ТАЛҒАМАЙДЫ. ТЕК АҚЫН-ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ ҚАНА КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ОҚУЫ КЕРЕК ДЕГЕН ҚАСАҢ ҚАҒИДАНЫ БҰЗЫП ЖҮРГЕН ОҚЫРМАН ҚАУЫМ АЗ ЕМЕС.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІН ЖАТҚА ОҚИТЫН ПОЛИЦЕЙ

Бүгін, яғни 10 тамыз – ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туған күні. Жер-жерде атаулы күнге орайластырып түрлі әдеби-рухани кештер, мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Мұндай игі істен ішкі істер министрлігінің қызметкерлері де сырт қалмайтыны белгілі. Жыл сайын Түркістан облыстық Полиция департаментінің қызметкерлері де ұлы ақынның рухына тағзым етеді. Әдебиетке жаны құштар қызметкердің бірі Түркістан облысы, Сауран аудандық полиция бөлімінде еңбек етеді. Хәкім Абайдың туған күні қарсаңында ақынның шығармашылығын тереңдей білетін Тойсұлу Мұратқызымен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Ішкі істер саласында еңбек ету ең алдымен тәртіпті, жауапкершілікті талап ететіні белгілі.

– Сауран аудандық полиция бөлімінде учаскелік полиция қызметкері болып жұмыс атқарамын. Бұл мамандықты өзім қалап келгендіктен де ешқашан жұмысыма қатысты шағым айтқан емеспін. 2021 жылдан бері ішкі істер органында қызмет атқарып келемін. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл мамандыққа барынша адал болуға, елге еңбек

етуге күшімді саламын. Полиция қызметкері азаматтардың қай кезде де, қандай жағдайда да қорғаны, панасы. Осы абыройлы қызметімізді зор жауапкершілікпен атқаруға барымызды салып келеміз.

Дұрыс айтасыз, бізде көбіне кеңседегі қызметкерлер секілді таңғы 08:00-де жұмыс орнынан табылып, кешкі сағат 18:00-де үйіңе қайтатын кесте жоқ. Оқыс оқиға кез келген уақытта орнауы мүмкін. Қандай қиын жағдай болса да, басын қатерге тігіп, антына адалдық танытады. Халыққа алғашқы құқықтық көмекті көрсететін де полиция қызметкерлері екені белгілі. Сондықтан да азаматтардың қорғаны болғанымызды мақтан тұтамыз.

– Әдебиетке құштарлықты сұрамас бұрын, алдымен ішкі істер саласын таңдауыңызға не себеп болғанын білсек?

– Ішкі істер саласының қызметкері болуыма бірден бір себепкер ата-анам десем, қателеспеймін. Өйткені біздің отбасындағы бала тәрбиесінде ата-анамыз әр баласының келешекте қандай мамандық иесі боларын ерте кезден біліп, соған сайы бейімдеп өсірді. Әрине, ең бірінші бізден тек шындықты айтуға, берген уәдеңді жұтпай орындауға, жүктелген тапсырманы да уақытында жүзеге



асыруға үйретті. Еркін өсірсе де тәртіпке бағынуды қатаң талап етті. Қандай жағдай болмасын тек ақиқатты айтып, өтірікке үйір болмауға баулыды. Сізге бір қызықты мысал айтайын, менің алғашқы мамандығым педагогика саласы. Тарих пәнінің мұғалімі деген мамандық бойынша жоғары оқу орнын тәмамдадым. Бірақ бала күнінен форма кияуді, полиция қызметкері болуды қалағандікі ме, бәрібір тартып тұрды. Форма киген әйел затын көрсем бұл мамандыққа деген қызығушылығым одан бетер асқақтай түсетін. Неге мен де осы салада өз мүмкіндігімді сынап көрмеске деген арман жетелеп әкелді.

– Түркістан облысы Полиция департаментіне қарасты Сауран ауданында полиция қызметкері болып еңбек етіп келесіз.

Халыққа қалтқысыз қызмет етумен қатар, Ұлы Абайдың өлеңдерін жатқа оқиды екенсіз. Әдебиетке қалай құмартып жүрсіз, бала күніңізден кітап оқуға ынтаңыз артты ма?

– Әдебиетке құштарлығым мектеп қабырғасында жүргенде-ақ жоғары

болды. Тарих пәніне қоса, қазақ әдебиетін жақсы оқыдым. Қазақ ақын-жазушыларының еңбектерінен басқа әлем классиктерінің де кітабы қолға тисе, оқып тауысқанша тыным таппайтын едім. Ақын Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін мектеп қабырғасынан жаттап өстік. Сенсеңіз, әдебиетке жақындығым маған журналистика саласында да өріс ашты. Университеттің 2-курсында оқып жүргенде облыстық телеарнадан жүргізушілік қызметке шақырды. Екі жылдан аса эфир жүргізгенде де әдеби кітаптарды оқуға көбірек уақыт бөлдім. Өйткені сөз саптауыңа, дұрыс мәтін құрауға, ойыңды нық, анық жеткізуіңе кітап оқудың тигізер пайдасы орасан зор.

– **Өлеңді кез келген адам жатқа айтып, мәнерлеп оқу үшін де шеберлік керек қой.**

– Ата-анамыздың да сөзді орнымен қолданып, орынсыз жерде килікпейтін қасиеті бізге де дарыған шығар деп пайымдаймын. Өлеңді тек жаттап алу үшін ғана оқығаннан зердеңе ештеңе қонбайды. Оның астарына үңіліп, ақын қаламынан туған отты жырлары нені меңзеп, қандай ой айтқысы келгенін пайымдау маңызды. Әр өлеңнің, әңгіменің, повестің болсын өзіңе ой түйер, сабақ алар мәні, мағынасы болады. Тереңіне бойлай білгенде ғана түйсінесің. Өлеңді тек сұлу сөйлеп, жұрт алдында көсем боп көріну үшін жаттау керек дегенді қолдайтындар да бар. Бірақ менің табиғатым мүлде басқа нәрсені қалайды. Кітап оқығанда мен өзімді дамыту үшін, таным-түсінігімді кеңейту мақсатында уақытымды сарп етемін.

– **Ақын шығармашылығымен сырласқанда қандай ой түйесіз?**

– Ақынның 45 қарасөзін де, жалынды жырларын, өршіл өлеңдерін де мектеп кезінде оқып, көпшілігін жаттадық, әлі күнге дейін жадымда жаттаулы. Ақынның қай шығармасын оқысаңыз да бүгінгі қоғам бейнесін көз алдыңызға әкеледі.

Ол сонысымен де өміршең, осындай шынайылығымен де жасампаз деп білемін. Ұлы ақынның мұралары толыққанды зерттеліп, бірізге түсіп қатталды деп айта алмаймыз. Абайтанушылардың жыл сайын түрлі құнды еңбектері жарыққа шығып, қалың жұртшылыққа таратылып келеді. Ақын өлеңдерін оқығанда ең алдымен адам болып қалыптасу керек екенін, қандай сын сағаты соққанда да адамды ең алдымен өзінің үш-ақ нәрсесі «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрегі» құтқаратынын пайымдаймын.

– **Жұмысыңыздың қауырт, жауапкершілігі жоғары екенін білеміз, шаршағанда ой тынықтыру үшін кітап оқисыз ба? Қазір жастардың кітап оқуға деген құлшынысы аға буынмен салыстырғанда жер мен көктей. Рас, бұған бүгінгі технология дамыған қоғамның заманның ығына қарай икемделгенін де себеп ететіндер бар. Телефонға телміріп, ғаламтордан ажырамайтын жастардың көркем әдебиет оқу ісінде ақсап тұрғаны жасырын емес. Дегенмен де ауызды қу шөппен сүрте берген болмас. Кітапты рухани досына, жан серігіне айналдырған жандар да аз емес.**

– Кітап оқуға әр адам уақыт таба алады деп ойлаймын, тек ниет болса болғаны. Оқушы шағымызда Абай оқуларына қатысып, өлеңдерін жатқа айттық,

кейін ақын жырларын оқи отырып бейнероликтер түсіріп те әлеуметтік желіде жүктедім. Бертін келе Ішкі істер саласында жұмыс істегенде уақыттың тығыздығы себепті бұдан біраз қол үзіп қалдым. Бірақ ақын шығармашылығына деген құштарлығым артпаса кеміген емес.

– **Әдеби, мәдени іс-шараларға да жиі қатысатын шығарсыз?**

– Әрине, Түркістан облысы Полиция департаментінің тарапынан өткізілетін түрлі іс-



шараларға белсенді түрде қатысып, мәдени, әдеби конкурстарда бағымызды сынаймыз. Түрлі байқаулардан жүлдесіз қайтқан емеспін. Мұның барлығы да сол бала күнімізден әдебиетке, өнерге жақындығымыздың септігі деп білемін. Алдағы күндері де түрлі конкурстарға қатысуға шақырту келсе, міндетті түрде бағымды сынаймын.

**Сұхбатты жазып алған
Қуан КӨШЕК**

Суреттер:
Тойсұлу Мұратқызының
жеке архивінен



АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН

ӘУЕЗОВТИҢ ШӘКІРТ-ДОСЫ, ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНА ӨЛШЕУСІЗ ҮЛЕС ҚОСҚАН ЖАЗУШЫ, СЫНШЫ, ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ ТӘКЕН ӘЛІМҚҰЛОВ ОСЫДАН ЖЕТПІС ЖЫЛ БҰРЫН АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУГЕ АТ БАСЫН БҰРЫПТЫ. 1954 ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ АЙЛАРЫНДА АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ, ТҰТАС ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНА, КҮЛЛІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ, РУХАНИЯТЫНА ЖАСАҒАН ӘСЕР-ЫҚПАЛЫ, ТАРИХИ МИССИЯСЫ ТУРАЛЫ ТҰҢҒЫШ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫН ҚАҒАЗ БЕТІНЕ ТҮСІРЕ БАСТАҒАН. АЛДЫМЕН АЛҒАШҚЫ ҮЗІНДІЛЕРІН ГАЗЕТ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАП АЛҒАН СОҢ, ОСЫ ДҮНИЕСІН ҮЛКЕН СҮЙЕКТИ МАҚАЛАҒА, ТҰТАС ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕГІНЕ АЙНАЛДЫРЫП, 1958 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫНАН ЖАРЫҚ КӨРГЕН «ЖЕМИСТІ ЖОЛДА» АТТЫ ТҰҢҒЫШ ӘДЕБИ-СЫН МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫНА ЕНГІЗІПТИ.



Осынау 50 бетке жуық көлемді, іргелі мақала кейінгі жылдары тереңдетіліп, ақынның басқа да тақырыптарды кең қамтып толғаған туындыларына да терең талдаулар жасаған ой-толғамдарымен толықтырылып, 1978 жылы «Жазушы» баспасынан «Жұмбақ жан» деген атпен жеке зерттеу еңбегі ретінде жарияланды. Бұл кітап жарық көре салысымен

әдебиет сыншыларының назарына бірден ілікті. Басым көпшілігі еңбекті абайтануға қосылған үлкен үлес, Абай поэзиясын насихаттап, оның көркемдік құндылығын, Абай шығармаларының тарихи, рухани орнын танытудағы биік белес болды деп бағалады. Әсіресе абайтанушы ғалымдар, әдебиетшілер тарапынан да жақсы бағасын алды.

Сол тұста өнер адамдарының, яғни әйгілі күйшілер мен арқалы ақындардың, сал-серілердің, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін қазақ прозасында сәтті бейнелеп жүрген, өнер тақырыбындағы талантты туындыларымен танылып үлгерген Тәкен Әлімқұловтың бұл әдеби-зерттеу еңбегі шын мәнінде елуінші жылдар ішінде дүниеге келген Абай туралы кітаптардың қатарында шоқтығы биік, жаңа белес болған жұмыс ретінде әділ бағасын алды. Бүгін, міне, араға жетпіс жыл салып осынау тарихи маңызы бар, керек болса абайтану тарихында да өз орнын ойып алған іргелі зерттеудің өзіндік құндылығына бір оралып өтсек, артық болмайды.

1954 жылы Тәкен Әлімқұлов өз зерттеуін, яғни мақаласының кілтін неден бастаған деп назар салып едік, бірден баурап алып кетті. «Халық тарихында мәңгілік ұмытылмас ұлы уақиғаларды бастасқан, бүкіл ұлт тағдырына ортақтасқан адамдар, шынында да, өлмек емес. Олар халықтың жанына, болмысына, табиғатына сіңіп, өз өмірінің жалғасын келешек ұрпақтан табады, заман озған сайын жаңарып, ұлылығы өсе, тереңдей түскендей болады: өскен заман тереңдегі қазынаны тезірек таниды, тезірек аршып алады. Жеке адамдардың ұлылығы заман ұлылығына жараса түседі.


Осындай халықтың жүрегінде сақталған ұлы адамдардың бірі Абай еді. Ол өз халқының тарихы Ресей тарихымен ұласқан ең бір

елеулі кезеңде туды да, асқан көрегендік жасап, туған елін үміті мол тың бағытқа қарай меңзеді. Өз басы соның жолын, тәсілін, саясат, экономика, мәдениет жағынан кенже қалған сахара жағдайында, ең алдымен, өнерден іздеді. Бұл салада «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» болған шиырға соқпай, омбылай тартып сенімді төте жолға шықты».

Осынау екі абзац сөздің өзінен-ақ Тәкен Әлімқұловтың Абайдың пассионарлық, ренессанстық тұлғасының тарихи мәнін, оның өнер арқылы, яғни поэзия арқылы ұлтын өркениет жолына бастап, тұтас тағдырын халқының болашағына арнағанын дөп басып айтып отыр.

Заманалар көшінде Абай тұлғасы биіктей береді, биіктей береді дейді. Тап бүгінгі XXI ғасыр шындығын болжап, біліп айтып отырғандай. Әділетті Қазақстан бүгін ұлттық идеологиялық ұстанымының, ұлттық құндылықтарының ең басты өлшемі, басты бағыты етіп Абай ілімін, Абай тағылымын, Абай мұрасын таңдап алды. Абай даналығын қазіргі ұрпақтың баға жетпес байлығына балап отырмыз. Болашақта да осылай жалғаса берері ақиқат.

Өлеңнің қадірін терең сезетін, Абайдың әрбір сөзіне қатысты түбіне бойлай отырып ой тарқататын, пікір түйетін суреткер қаламгер, зерделі сыншы Тәкен әу дегеннен ұлы Абай жүрегіннің түбінде нендей сыр, нендей шер мен





АБАЙ ЖӘНЕ ТӘКЕН

мұң жатыр, міне, осы мәселеден бастаған...

*«Қартайдық, қайғы ойладық,
ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады
ермек?»*

деген ақын жүрегіне жүгінеді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында тағдырдың бар соққысына төтеп беріп, өмірдің барлық ащы-тұщысын қатар татқан, заманның ырқына көнбеген, бар ауыртпалығын арқалаған, достан да, дұшпаннан да көңілі қалған қайран ақынның ендігі жүгінері де жалғыз жүрегі екенін сезінесің...

*«Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме?
Артағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң, қайтып келер ме?»*

*Майдағы жұрттың іші қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар,
Қар жауса да, сөнер ме?»*

дейді ақын мұңайған бір сәтінде. Өмірдің мәнін, құнын, басы мен соңын терең пәлсапалық ойлармен астарлап, табиғат құбылыстарымен қатар жарыстыра, қабыстыра бейнелейтін ақындық қолтаңба

Абайдың адам өмірі туралы барлық өлеңінде арқауы үзілмейді.

Ақын адам өмірінің барлық кезеңіне өлең арнаған. Таңғаласың. Және сол сезімдерінің, жан толқындарының барлығын жүрек көзінен өткізеді. Жүрек қалауына салады.

Абай неге жұмбақ адам? Осыны ойлауға шақырады ақын. Ал енді Тәкен өзінің кітабының кіріспесін, кілтін осынау жүректен басталатын екі жол өлеңіне сыйғызған. Осынау аса құнды, құнарлы зерттеу еңбегінде араға жылдар салып қайта оралғанда зерттеушінің сөз орамдарына, ойлау жүйесіне, ғылыми тұжырымдарына, толғамдарына таңғалмасқа әддіңіз қалмайды.

Алғашында ақындықтан бастаған, екі өлең жинағын шығарған Тәкен Абай тақырыбына кездейсоқ келген жоқ. Сыншылық жолының басында да қазақтың екі ұлы ақыны туралы іргелі, сүйекті еңбектері тұрады. Бірі – Абай туралы болса, екіншісі – кезінде әдебиет сынында құбылыс болған мақаласы, қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжоловтың поэзиясы туралы дүниесі. Бүгінге дейін бұл мақала да Аманжолов шығармасын танудағы үлкен

белестің бірі болып есептеледі.

Демек Тәкен поэзия жанрындағы талантты туындыларды талдауға үлкен дайындықпен келді. «Жұмбақ жан» зерттеуінің барлық бетінің, тұтас тарауларының мазмұны Абайдың осынау жұмбақ сырын ашуға, зерделеуге бағытталды.

Тәкеннің Абай туралы түйіп-түйіп айтатын пікірлері де кесек-кесек. Бір тұста Тәкен: «Абай сынды айрықша дарынның, сыршыл, шыншыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні, қазақша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді.

Әлеуметтік көзқарас пен суреткерлік шындықтың арасындағы қайшылық өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, үлгілі ел болуын тілеген Абай – қайсар қайраткердің қатарында нәзік те әсершіл ақын, қиын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтқандай, жатқан жұмбақ. Ол халқын танудан жаза баспаса, өзін тануға келгенде ғажайып қайшылықтарға ұрынады. Бұл – өте-өте ұлы суреткерлерге тән қасиет. Гете мен Омар Хайямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Оноре де Бальзак пен Лев Толстойдың тәжірибесі – осының айғағы», деп толғанады.

Тәкен осылайша Абайды ұлы тұлғаларға, заманның ұлы ойшылдарына теңейді. Ой-зердесін, білім ауқымын, таным көкжиегін, кісілік, қайраткерлік сипатын зерттеуші бірнеше сөйлеммен-ақ қайтара қорытып, еске алады. Ақынның сан қырлы талантының, дарын күшінің мұхиттай терең ағысын айнытпай танитын қаламгер көпсөзділікке ұрынбайды.

Әрдайым қысқа қайырылатын тұжырымдары арқылы ұлы тұлғаның ұлы қасиеттерін созбаламай, дәмін кетірмей сығымдап, Абайдың қандай деңгейге, қандай парасат биігіне көтерілгенін толғанып, тебірене жеткізеді.

Абайды хакім, кемеңгер, ойшыл әрі данышпан деп танығанда Тәкен жалаң, қызыл сөзге, құрғақ байламдарға құрық бермейді. Абайдың өз шығармаларына арқа сүйейді, әсіресе өлеңдеріне терең үңіледі. Поэмалары мен қарасөздеріне де, аударма туындыларына да мейлінше нақты тоқталады.

Ақынның қаламынан туған барлық туындыларын Тәкен ой елегінен өткізеді. Әлеуметтік талдауларға да бой ұрады. Оның рухани ізденістері қазақ поэзиясын жаңа биікке көтергенін, классикалық үлгілерді Абай поэзиясынан көреміз дейді.

Хакім философиясы да өмірдің өзінен, адамзат тарихында ғасырлар бойында жинақталған, іріктелген білім қорынан нәр алатынын айтады. Осынау философиялық, пассионарлық таным Абай дәстүріне де жаңалық алып келді. Мәңгілік құндылық – адамзаттық гуманизм идеясына терең бойлаған поэтикалық талғам, ақындық ұстаным Абай шығармаларының алтын арқауы болғанын дәлелдейді. Шығарма мәтіндері арқылы Тәкен осыларды да аңғарып отырады. Шегелеп жазады.

Шығыстың жауһар поэзиясы, оның Абай дүниетанымына қалайша жақын келгендігі, өз кезегінде Шығыс поэзиясын Абайдың да қалайша түрленде, тереңдете қабылдағанын нақты өлеңдерге тоқтала отырып тарқатады.

«Абай Шығыс мәдениетін меңгергенде талғампаздықпен сыни қарап меңгерді. Махаббат бостандығын, әділетшілдікті, әлеуметтік прогресті жырлайтын сыршыл поэзияға құмартты.

Ол Низамиді, Науайді, Хафизді, Сағдиді, Физулиді, Фирдоусиді қадір тұтты. Бұлардың ішінен Науайдің «Фархад – Шырыны», Фирдоусидің «Шахнамасы», Низамидің «Ләйлі–Мәжнүні» қазақ даласына кең тараған еді.

Парсының, арабтың кейбір мифологиясының ұзын-ырғасы қарасөзге айналса, «Төрт дәрбіш» (Ағайынды төртеу) тәрізді тәжіктің халық романы ертегіге айналып кеткен еді. Рудаки, Омар Хайям сынды саңлақ ақындар ертеден-ақ әлемге әйгілі болса, шәкірт Абай сиынған Хафиз ұлы Гетеге үлкен әсер еткен-ді», деп жазады Тәкен.

Шын мәнінде Шығыс шайырларына көп үңілген Абай шығармашылығында Шығыс сарыны мен сюжеті құс жолындай сайрап жатыр. Әсіресе Абай поэмалары, ондағы оқиғалық, сюжеттік арналар, баяндау тәсілі, кейіпкерлер шоғыры – соның айқын бір дәлелі. Абай өмірінің соңына таман жазған:

*«Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Шаршап қалған, кеудемде тулай
алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді
оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға
алмай»,*

деп келетін өлең жолдарында жабырқаған, шаршаған, көңілін мұң басқан жан дүниесі бір сәт көрінгенімен, бірақ Абайдың түңілісін, жазмышқа жығылуын немесе бүкіл дүниені тәрк етіп,

рухани күйзеліске түскен болмысын байқамаймыз деген түйін жасайды.

Абай поэзиясындағы биік рух, биік жігер, отты, өткір келіп отыратын өлең жолдарының ішкі қуаты ұлттық намысымыз бен бітім-болмысымыздан нәр алатынын айқын ажыратады. Халық қасиетін айшықтап алдыңғы қатарға шығарған ақындық дарынын жоғары бағалайды.

Т.Әлімқұлов еңбегінің ең сүбелі беттерін хакім Абайдың өмірбаянын, өскен ортасын, ата-тегін, білім алған белестерін әңгімелеуге арнайды. Абайтанудың бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ, жемісті жолын Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына, дәстүріне арқа сүйеп, ол зерттеген қыруар дүниені, жарыққа шығарған еңбектерін аттап кетпей, баға жетпес рухани байлыққа үлкен ілтипат көрсете отырып ой толғайды.

Түйіндей айтқанда, Тәкеннің «Жұмбақ жан» атты зерттеу еңбегі – бүгінгі абайтанудың, қазіргі Абай тұлғасы мен феномені, Абай ілімі туралы көптеп жазылып, айтылып жатқан дүниелеріміздің биік төрінде тұратын зерделі еңбектердің бірі хәм бірегейі.



Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Жазушылар одағы
басқармасының хатшысы,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері

А Л А К Ә Л

Й Ш Ы Қ Т А Р Ы



Алматылық Павел МИХЕЕВ –
ЕЛІМІЗГЕ ҒАНА ЕМЕС, ШЕТЕЛГЕ ДЕ
ТАНЫМАЛ ФОТОТІЛШІ. Отандық
ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНДА ЖҰМЫС
ІСТЕЙТІН ЖУРНАЛИСТІҢ СҮЙІКТІ
ТАҚЫРЫБЫ – ТАБИҒАТТЫҢ
ТЫЛСЫМ СӘТТЕРІ. ОҚЫРМАНҒА
КӘСІБИ ФОТОТІЛШІНІҢ Алакөл
АЙШЫҚТАРЫН ҰСЫНАМЫЗ.



Суреттер Facebook парақшасынан



Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Гүлнар АХМЕТОВА
Директор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер
Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілші
Мақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
Редакцияның мекенжайы:
Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)